

## ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

### қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<Тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс берушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы> бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 92 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 1) тармақшасына және тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> сатып алу қорытындысы туралы <хаттаманың бекітілген күні> хаттамаға сәйкес осы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасады.

## 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_ сатып алу порталында тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі – Қызмет) сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырды және <ҚҚС сомасын қоспағанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) сомасына Жеткізушінің тендерлік өтінімін қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызмет көрсету бойынша міндеттеме алады.

1.3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда көрсетілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- осы Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) тізбесі (Шартқа № 1 қосымша);
- техникалық ерекше нұсқама (Шартқа № 2 қосымша);
- Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісім (Шартқа № 3 қосымша);
- Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы міндеттеме (Шартқа № 4 қосымша).

1.4. Шартқа сәйкес құрылған зияткерлік меншік құқығының объектілеріне, оның ішінде брендбукке, барлық фото және бейнематериалдарға барлық мүліктік (айрықша) құқықтар

орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне (бұдан әрі – Акт) қол қойылған күннен бастап Тапсырыс берушіге ауысады және мерзімсіз болып табылады.

1.5. Тараптар Шартқа сәйкес жасалған зияткерлік меншік құқығының объектілерін пайдалануға Тапсырыс берушіге берілген құқықтар үшін сыйақы Шарттың жалпы сомасында кез келген түрде және кез келген тәсілмен ескерілгеніне келіседі.

## **2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) (бұдан әрі – Шарттың жалпы сомасы) болады, \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құнынан <және \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады> (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады). Шарттың жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баж салықтары мен өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызмет көрсетуге байланысты барлық шығысы кіреді.

2.2. Тапсырыс беруші мынадай тәртіппен Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы Шарт бойынша ақы төлейді:

Көрсетілген қызметтер үшін төлем Қызмет көрсету фактісі бойынша Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті тұлғалары актіге, шот-фактураға, төлем шотына қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде толық көлемде жүргізіледі.

2.3. Барлық салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баж салықтарына және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін осы сияқты өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша \_\_\_\_ (валюта түрі) жүргізеді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы салынуға тиіс (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші түпкілікті табыс алушы болса және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеу кезінде салық салудан босатуды немесе тиісті халықаралық шартта көзделген салықтың төмендетілген мөлшерлемесін дербес қолдануға құқылы (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табысына қатысты қолданылады (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Салық салудан босату немесе салықтың төмендетілген мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде халықаралық шартты қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен

мажоритарлық акционерлері көрсетіле отырып, құрылтай құжаттарының нотариатта куәландырылған көшірмелерін не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де осыған ұқсас құжаттан) үзінді-көшірмені ұсынған жағдайда ғана рұқсат етіледі (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі құрылған жағдайда Жеткізушінің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде бейрезиденттің тіркелуін растайтын құжатты ұсыну талабымен Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамай Жеткізушіге табыс сомасын төлейді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыспен алынған құжаттардың, корпоративтік электрондық почта арқылы және (немесе) өзге де тәсілмен алынған құжаттардың сканерленген көшірмелерінің заңды күші болады және оларды Шарттың 2.8, 2.13, 2.14 тармақтарында көрсетілген құжаттарды қоспағанда (Алматы қаласынан тыс орналасқан Жеткізушілер үшін), кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші қабылдайды (тармақ Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.11. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады (тармақ Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.12. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлегеннен бастап Қазақстан Республикасының салық заңнамасында бекітілген мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығы ұсталуға жатады (осы тармақ Жеткізуші ҚР резиденті болмаған жағдайда қолданылады).

2.13. Егер қандай да бір себептермен Тапсырыс берушінің салық органы Жеткізуші ұсынған резиденттікті растайтын, кейінгі салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін құжатты қабылдамаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушімен бірге резиденттікті растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынуды қоса алғанда, осы мәселені шешу үшін бар күшін салады.

2.14. Егер Жеткізуші қандай да бір себептермен Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынбаса, туындаған салық міндеттемелері Жеткізушінің салық міндеттемелері болып табылады, оларды Жеткізуші өсімпұлды ескере отырып, Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың Тапсырыс беруші елдің салық заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуінен Тапсырыс беруші елінің салық органы анықтаған салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей толық көлемде орындауы (Тапсырыс берушіге өтеуі) тиіс (тармақ мынадай жағдайларда қолданылады, егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болса).

2.15. Жеткізуші өзінің Шарт шеңберінде алынатын табыстың (тардың) түпкілікті (нақты) алушысы (иесі) екенін растайды және осы табысқа (тарға) иелік ету, пайдалану, билік ету құқығына ие болады, сондай-ақ осы мақсаттар үшін Тапсырыс берушіні оның делдал емес екеніне сендіреді (тармақ егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.16. Жеткізуші тиісті түрде ресімдемеген қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбау немесе ұсыну Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

#### **3.1. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізуші көрсеткен Қызметті Шарт талаптарына сәйкес Акт негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажет құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;
- 4) Жеткізушіге Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз етуді Тапсырыс берушінің және Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап (Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгені туралы Шартта талаптар болған кезде) қайтаруға міндеттенеді.

### **3.2. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізушіден Шарт талаптарына сәйкес Қызметтің толық көлемде және мерзімде тиісінше көрсетілуін талап етуге;
- 2) көрсетілетін Қызметтің көрсетілу барысын, сапасын және көлемінің толықтығын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-беру процесінде кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, шала жұмыстар, қателер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізушіден оларды дереу жоюды талап етуге не ішінара немесе толық төлеуден бас тартуға және Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жібере отырып, Актіге қол қоймауға;
- 4) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен кез келген кезеңде біржақты тәртіпте Шартты бұзуға;
- 5) Жеткізушіден Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және туындауына Жеткізушінің кінәсі жоқ объективті себептер болған кезде өзінің қалауы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;
- 7) егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы не болмаса тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) Шартта көзделген мерзімдегі және тәртіптегі негіздер бойынша төлемеу салдарынан бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға;
- 8) Шарттың 6-бөліміне сәйкес есептелген өсімпұл (тұрақсыздық айыбы, айыппұл) сомасын Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға;
- 9) Қызметтер тиісінше көрсетілмеген жағдайда, Жеткізушіден келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

### **3.3. Жеткізуші:**

- 1) Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда толық көлемде Қызмет көрсетуге;
- 2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсету барысы туралы ақпарат ұсынуға;

- 3) білікті мамандардың Қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге;
- 4) Тапсырыс беруші Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-беру процесінде ақауларды анықтаған жағдайда, оларды өз есебінен дереу жоюға;
- 5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 6) Тапсырыс берушіден алынған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпеуге және құпия сақтауға;
- 7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 8) егер Жеткізуші Шартты орындау кезеңінде кез келген сәтте Шартты уақтылы орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші дереу Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 9) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен де, ішінара да ешкімге бермеуге (*қажет болғанда*);
- 10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 11) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге;
- 12) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған құпия ақпараттан басқа өзге де ақпаратты жария етпеуге және құпия сақтауға;
- 13) сатып алуға қатысу кезінде мәлімделген жұмыскерлерді ауыстыру қажеттілігі туындаған жағдайда, Жеткізуші сатып алуға қатысу кезінде мәлімделген қызметкерлердің біліктілігінен төмен емес қызметкерлердің біліктілігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Тапсырыс берушіні оларды ауыстыру күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндеттенеді. Жеткізуші қызметкерлерді ауыстыру Тапсырыс берушінің жазбаша келісімін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін;
- 14) Қызмет көрсету кезеңінде Қызмет көрсету жөніндегі қызметті үйлестіру үшін байланысатын адамды айқындауға, Қызметтерді пайдалану тәртібіне, олардың қасиеттері мен ерекшеліктеріне қатысты Тапсырыс берушінің персоналына консультация беруге, сондай-ақ Қызмет көрсетуге байланысты техникалық және кез келген өзге де мәселелерді шешу бойынша практикалық көмек көрсетуге;
- 15) Тапсырыс берушінің жауапты тұлғаларына Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті барлық деректерді, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей – Жеткізушінің қалалық/ұялы телефон нөмірлерін, электрондық почта адресін, Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін тартылған немесе тартылуы жоспарланатын қызметкерлер (және өзге де тұлғалар) бойынша деректерді, сондай-ақ Тапсырыс берушіге қажетті өзге де ақпаратты беруге;
- 16) Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс беруші анықтаған барлық ақауларды өтеусіз дереу жоюға кепілдік беруге;
- 17) Шартқа №3 қосымшаға сәйкес форма бойынша Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімге қол қоюға;
- 18) Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдардың (Жеткізуші қызметкерлерінің)

Шарт бойынша №4 қосымшаға сәйкес форма бойынша Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелерге қол қоюын қамтамасыз етуге, олардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге Қызмет көрсету басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын ұсынуға;  
19) Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құжаттарының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

### **3.4. Жеткізуші:**

- 1) Қызмет көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруіне рұқсат етілмейді;
- 2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға құқылы.

## **4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ**

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі Шарт күшіне енген күннен бастап 2025 жылғы 31 қазанды қоса алғанға дейін.

4.2. Қызметтер көрсету орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алматы облысы.

## **5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

5.1. Тиісті түрде Қызмет көрсету фактісі бойынша Жеткізуші Тапсырыс берушіге 2 (екі) данадағы Актіні, төлем шотын және шот-фактураны жібереді.

5.2. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер көлемінің сапасын, толықтығын және олардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады және ақаулар болмаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

5.3. Жеткізуші мерзімде жоймаған ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші оларды Актіде көрсетеді, бұл Шарттың 6-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алу үшін негіз болып табылады.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауап береді.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өз құқықтарына нұқсан келтірмей, Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын:

- 1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді және/немесе Техникалық ерекше нұсқаманың 5-бөлімінде қарастырылған мерзімнің кез келгенін бұзған жағдайда, кешіктірген әрбір

күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда – Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған құпиялы ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың, айыппұлдың) сомасын дербес ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық мөлшерде енгізбеген жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің толық енгізілмеген сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегенде немесе оны уақытында енгізбеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысу үшін берілген өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды.

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды.

6.11. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол Жеткізушіге жоғалған пайданы өтемейді және Жеткізуші келтірген нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.12. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.13. Осы Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

## **7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ**

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпаратты) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерге ұсыну жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат аталған қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

2) мұндай жария ету заңнамада ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратулары негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария етілмейтінін мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпаратты, оның ішінде Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) *(тартылған жағдайда)* жария еткен жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

7.4. Шарттың 7.1 және 7.2-тармақтарында және Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімде көзделген міндеттемелерді орындау үшін Жеткізуші Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін тартылған адамдарды (өз қызметкерлерін) Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімнің талаптарымен таныстыруды, сондай-ақ Шарт бойынша қызмет көрсету басталғанға дейін кемінде 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын олардың Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелерге (Шартқа №4 қосымша) қол қоюын, олардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсынуды қамтамасыз етеді.

7.5. Шарттың 7.1-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіні конфиденциалды ақпараттың жария етілгені туралы жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

7.6. Тараптар Тапсырыс берушінің Шарт шеңберінде алынған кез келген ақпаратты өзінің тартылған сыртқы консультанттарына, сыртқы заңгерлеріне, сыртқы аудиторларына және сақтандырушыларына негізді түрде ашуы заңды болатынын мойындайды.

## **8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)**

8.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған кезеңге жылжытылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, басталғаны және тоқтағаны туралы дереу екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлайды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдеуді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы,

содан кейін Тараптардың ешқайсысының басқа Тараптан қандай да бір зиянның өтемін талап етуге құқығы болмайды.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды оның қаншалықты қисынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген жағдайларға байланысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

## **9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

*(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап болған кезде қолданылады)*

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін Шарттың жалпы сомасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде енгізеді, бұл ретте Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің тиындармен есептелген сомасы дөңгелектенеді, атап айтқанда: 50 (елу) тиыннан аз сома Шарттың жалпы сомасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің 0 (нөл), ал 50 (елу) тиынға тең және одан жоғары сома - 1 (бір) теңгеге дейін дөңгелектенеді:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша.

9.2. Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары Актіге қол қойған және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Жеткізушіге енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

9.3. Егер Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

## **10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ**

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажет шараны қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

## **11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

11.1. Тараптардың орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

11.2. Шарттың 11.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және Тараптар оған қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

- 1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушының) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлем жасауға қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт дереу бұзылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік көтермейді;
- 5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер мөлшеріндегі соманы қайтарады және Шарттың 6-бөлімінде айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді;
- 6) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол аяқталғаннан кейін Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

## **12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ**

12.1. Шарт Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

## **13. ШАРТ ТІЛІ**

13.1. Шарт заңды күші бірдей 4 (төрт) данада жасалды: 2 (екі) – қазақ тілінде және 2 (екі) – орыс тілінде.

## **14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР**

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

## **15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

**Тапсырыс беруші:**

**Жеткізуші:**

<Тапсырыс берушінің толық атауы>  
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы >  
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы >  
<Тапсырыс берушінің ЖСК >  
<банктің атауы>  
<Тапсырыс берушінің БСН>  
<Тапсырыс берушінің БСК>  
<Тапсырыс берушінің БЕК>  
**Тапсырыс берушінің атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

<Жеткізушінің толық атауы>  
<Жеткізушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы>  
<Жеткізушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>  
<Жеткізушінің ЖСК>  
<банктің атауы>  
<Жеткізушінің БСН>  
<Жеткізушінің БСК>  
<Жеткізушінің БЕК>  
**Жеткізушінің атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.П. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі, аты, әкесінің аты.

# ДОГОВОР

<идентификационный номер>

## о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

## 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок \_\_\_\_\_ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее - Услуги) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму \_\_\_\_\_ тенге \_\_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ тенге \_\_\_\_ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство по оказанию Услуг в срок и на условиях, предусмотренных Договором и Технической спецификацией.

